

Мектептегі «Заманауи мұғалім – заманауи қоғам» көшбасшы ұстаздар командасының жұмысы

2020-2021 оқу жылында мектеп әкімшілігінің ұйғаруымен көшбасшы мұғалімдер арқылы командалық топтар құру ұсынысы қолға алынды. Ол үшін алдымен ұжым ішіндегі мұғалімдер арасынан жұмыс сапасы жоғары, жетістіктерімен алда жүрген, артынан мұғалімдерді ілестіре алатын көшбасшы мұғалімдер анықталды. Содан кейін ұжым мүшелеріне гугл форма арқылы өз көшбасшысын таңдау ұсынылды. Бұл ретте бір ерекшелік – таңдау мұғалімдердің өздеріне берілді, кімнен үйренгісі келеді, кіммен қызығушылықтары ортақ немесе байланыста болғысы келеді. Осылайша 20-25 мұғалімнен тұратын 7 командалық топ құрылды, «Заманауи мұғалім – заманауи қоғам» деген жоба бастау алды.

Жобаның мақсат-міндеттері белгіленді.

Мақсаты: ынтымақтастық орта құру арқылы мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасау.

Міндеті:

шығармашылықпен жұмыстанатын ұжым қалыптастыру;

инновациялық орта құру;

жас ұстаздарға әдістемелік қолдау көрсету, тәжірибе алмасу.

2021-2022 оқу жылы бұл жоба жалғасын тауып, көшбасшылар 1 топпен бір тақырып аясында жұмыстанды, мұғалімдер 8 оқыту семинарына қатысып білімдерін жетілдірсе, 2022-2023 оқу жылы мектептің 182 мұғалімін 8 топқа бөліп, 8 көшбасшы өзіне жақын бір тақырыпты алды. Аптаның әр бейсенбісі оқу күні болып белгіленді, әр топ карусель әдісімен алмасып отырды. Оқыту тренингтері өзекті мәселені қарастыруға, кәсіби диалог арқылы шешім шығаруға, интерактив түрінде тәжірибе бөлісу бағытында ұйымдастырылды. Көшбасшы ұстаздар жетекші рөлінде оқу ортасын ұйымдастырса, мұғалімдер белсенді қатысушы болып, кәсіби өсу қызметіне жауапкершілікті алуда.

Жобаның бағыттары:

1. «Мұғалімнің құндылықтарға негізделген білім берудегі ресурсы» мектеп директоры Глекенова Б.С
2. «4К дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтарды құру және өткізу» ӘЖО Зулкашева Ш.М
3. «Қазіргі сабақты жоспарлау» көшбасшы мұғалім, педагог-зерттеуші, облыстық тренер Мурзашева А.С
4. «Оқу мен оқытуды жетілдіруде цифрлік кеңістік» көшбасшы мұғалім Нурмуханбетова Д.У
5. «Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс» көшбасшы мұғалім Ахметова З.Е
6. «Инклюзивті білім беру идеялары» көшбасшы мұғалім, педагог-шебер, облыстық тренер Жаннатова А.К
7. «Жобалап оқыту технологиясын мектеп практикасында қолдану» көшбасшы мұғалім Иманғалиева А.Т
8. «Бағалау – оқу мен оқытудың маңызды бөлігі» көшбасшы мұғалім, педагог-зерттеуші Шамбилова Ж.Т
9. «Қозғалмалы және спорттық ойындар арқылы жеке тұлғаның көшбасшылық қасиетін дамыту» көшбасшы мұғалім, педагог-зерттеуші Қайырғали Б.Б

Жобаның 2 кезеңі – наурыз-мамыр айларында - топтардан керібайланыс алынып, әр топ кезегі анықталып, топ басшыларына мұғалімдер тәжірибесін көрсетуді ұйымдастыру тапсырылды. Әр бейсенбі – оқу күні болып белгіленіп, топтардың тәжірибелері әр түрлі бағытта көрсетілді.

1-топ басшысы Урбисинова А, тимбилдинг

2-топ басшысы Курманғалиев Д, сабақта фильмдерді қолдану тәжірибесі

3-топ басшысы Байдашева Н, педагогикалық идеялар жәрмеңкесі

4-топ басшысы Темирбаева Қ, сабақта зерттеушілік әрекетті креативті ұйымдастыру тәжірибесі

5-топ басшысы Дусанова Д, сабақта бейнероликтерді пайдалану

6-топ басшысы Аязбаева Н, сабақты ұлттық ойындар негізінде ұйымдастыру

7-топ басшысы Рахматуллина З, ұшақпен саяхат

8-топ басшысы Куанаева С, цифрлық ресурстардың шеруі

Жоба жұмыстарына барлық топ ұстаздары белсене қатысып, жоспарға сай барлық шаралар уақытылы өтті, қорытындылары және өту барысы мектептің әлеуметтік беттерінде жарияланып отырды.

Жоба материалдары <https://padlet.com/zshnar74/padlet-2m3qg9beq1wbkvsk>

3 жылға жоспарланған жоба аяқталып, қорытыланды. Көшбасшылар командасы мектептің пандемия кезінде ауыртпалықты сездірмеуге көмегі айтарлықтай. Күні бүгінге дейін мектептің дамуына, корпоративтік мәдениеттің орнығуына, тұрақты даму, өзін-өзі оқытатын мектеп бағытында болуына ықпалы зор.

Мектепте өткен тәжірибелер нәтижесі (мектептегі түрлі командалық жобалар) мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, шығармашылығын артып, өзінің ерекшелігін, яғни, қазіргі тілмен айтқанда «брендін» қалыптастыруға бағыт алды. Тәжірибе нәтижесінде зерттеушілікпен айналысатын мұғалім, STEAM бағытында айналысатын мұғалім, тұлғалық өсуге бағыттайтын мұғалім, тапсырмалар құрастырушы мұғалім болып өздерінің нақты бағыттарын айқындап алды. Енді әр мұғалім өзінің бағыты бойынша білімдерін жетілдіріп, 3 жыл өзінің авторлық бағдарламасын дәлелдеп шығаруға жұмыстанатын болады. Көшбасшылар командалық мектептің даму стратегиясына өзгерістер енгізуі, мектептің корпоративтік мәдениетінің тұрақты болуына, сол ортамен өздері де кәсіби, тұлғалық өсіп дамып келе жатырғандарына көңілдері толық.